

## Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің Бағдарламалық займын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 17 наурыздағы N 227

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі Бағдарламалық займының екінші траншы ақшаларының есебінен ауыл шаруашылығы жобаларына бюджеттік несие берудің шарттары мен тәртібі (2-қосымша);

Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі Бағдарламалық займының уақытша басы бос қаражатын орналастыру туралы Ереже (3-қосымша) б е к і т і л с і н .

**ЕСКЕРТУ. 1-тармақтың 2-абзацының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.24. N 934 қаулысымен .**

2. "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамына ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі Бағдарламалық заемының екінші траншын өз бетінше немесе екінші деңгейдегі банктер арқылы игеруді жеделдету ұсынылсын. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1199 қаулысымен .**

3 . < \* >

**ЕСКЕРТУ. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.24. N 934 қаулысымен .**

4. "Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің Бағдарламалық займын жүзеге асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 14 тамыздағы N 1258 қаулысының 1,3-тармақтарының күші жойылған деп танылсын.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1998 жылғы 17 наурыздағы

N 227 Қаулысына

1-қосымша <\*>

**ЕСКЕРТУ. 1-қосымшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.24. N 934 қаулысымен .**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 17 наурыздағы

№ 227 Қаулысына

2-қосымша <\*>

**ЕСКЕРТУ. 2-қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2000.06.24. № 934 қаулысымен .**

**Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі Бағдарламалық займының екінші траншы ақшаларының есебінен ауыл шаруашылығы жобаларына бюджеттік несиелер берудің шарттары мен тәртібі**

**1. Жалпы ережелер**

1. Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі (бұдан әрі - АДБ) Бағдарламалық займының (бұдан әрі - АДБ займы) екінші траншы ақшаларының есебінен берілетін бюджеттік несиелер ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өңдеу, машина-технологиялық станциялар үшін ауыл шаруашылығы техникалары, көтерме азық-түлік рыноктарының және ауыл шаруашылығы өнімдерін сатуға арналған басқа да рыноктық инфрақұрылымдардың жүйелерін құру жөніндегі жабдықтарды сатып алуға несиелер беруге, сондай-ақ қажетті айналым қаражатын қаржыландыруға арналған.< \* >

Аталған мақсатты іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі - Қаржымині), "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қор) және екінші деңгейдегі уәкілетті банктер (бұдан әрі - Банктер) арасында тиісті несиелік келісімдерге қол қойылады. Қор өз бетінше несиелер беруді жүзеге асырған кезде несиелік келісімге Қаржымині мен Қор арасында қол қойылады. < \* >

**Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚРҮ-нің 1998.08.11. № 761 қаулысымен .**

**ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. № 1199 қаулысымен .**

2. Банктер немесе Қор түпкі заем алушыға (бұдан әрі - Заем алушы) тек 5 (бес) жылға дейінгі мерзімге қамтамасыз етуге жылдық 11 (он бір) процентке дейінгі мөлшердегі сыйақы (мүдде) ставкасымен АҚШ долларымен несиелер береді. Бұл ретте 7 (жеті) процентін Қаржы министрлігінің сыйақысы (мүддесі) құрайды. Банктер арқылы несиелер беру кезінде Банктердің сыйақы ставкасы (лизингтік компаниялардың қызметтерін қоса алғанда, Банктердің өз қалауы бойынша) жылдық 3,5 (үш бүтін оннан бес) процентке дейінгі және Қордың 0,5 (нөл бүтін оннан бес) процентіне дейінгі ставкасын құрайды. Қор өз бетінше несиелер берген жағдайда Қордың сыйақы (мүдде) ставкасы жылдық 4 (төрт) процентіне дейінгі ставканы құрайды. Өз бетінше несиелер берген кезде Қордың несиелер қаражатын қайтару тәртібі Қаржымині мен қарыз алушы ретіндегі Қор арасында жасалатын несиелік келісіммен белгіленеді. <\*>

Қайтарымның мынадай тәртібі белгіленеді:

бірінші жылдан бастап несиенің үшін сыйақылар (мүдделер) - жыл сайын 1 сәуірде және 1 қазанда;

негізгі борыш несиенің мерзіміне байланысты екі жылға дейінгі жеңілдік кезеңін қоса, тең жарты жылдық төлемдермен - жыл сайын 1 сәуірде және 1 қазанда.

**ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1199 қаулысымен**

3. Заемшы нақты несиенің сомасының 60 процентіне дейін аталған жоба бойынша айналыс қаражатын толықтыру үшін пайдалануы мүмкін.<\*>

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) Қордың арнаулы шотында АҚШ долларында сақтаулы тұрған, уақытша басы бос, жобаларға енгізілмеген ақшалар Ұлттық банк пен банктердегі депозиттерге, сондай-ақ мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырылады 3 (үш) айдан аспайтын мерзімге. <\*>

5. Жабдықтар мен берермендердің фирмаларын іріктеуді Банктер Заемшылармен бірлесіп конкурстық негізде жүзеге асырады. Қажет болса Банк пен Заемшы кеңес сұрап басқа ұйымдарға өтініш жасай алады, олардың қызметіне оған АДБ несиесінің есебінен берілген өз ақшасынан ақы төленеді.

6. Заемшылар алатын несиелер бизнес-жоспарларда тиімділік деректерін міндетті түрде көрсете отырып, шағын және орта бизнесті, шаруа қожалықтарын дамытуға, жұмыс орындарын құруға несиелер берілуін қамтамасыз ету бөлігінде Қазақстан Республикасы Президентінің Үкіметке 1998 жылға арналған сегіз нақты тапсырмасын іске асыруға тікелей немесе жанама түрде көмектесетіндей болуы тиіс.

7. Несиелерді пайдаланудың салалық (ішкі салалық) бағыттарының тізбесін Қазақстан Республикасының Экономика министрлігімен келісе отырып Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі - Ауылшармині) белгілейді және бекітеді. <\*>

## **II. Жобаларды қабылдаудың, қараудың және мақұлдаудың тәртібі**

8. Заемшы бюджеттің алдында өзінің қарызы жоқ екенін немесе Қорға құжатты түрде растауы тиіс. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1199 қаулысымен**

9. Заемшылардың немесе Қорларға тапсыратын құжаттарына деген талаптарды немесе Қорлар өздері қабылдаған несиелік саясатқа сәйкес белгілейді. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1199 қаулысымен**

10. Банктер мақұлдаған жобалар Қорлардың қарауына енгізіледі және олар

бойынша шешім 7 (жеті) күн ішінде:  
заңдарда белгіленген тәртіппен құны 200 000 (екі жүз мың) АҚШ долларынан асатын жобалар бойынша - Қордың Директорлар кеңесінің;<\*>

заңдарда белгіленген тәртіппен құны 200 000 (екі жүз мың) АҚШ долларынан аспайтын жобалар бойынша - Қор басқармасының. <\*>

11. Несиенің мақсатты пайдаланылуы және қайтымдылық шарттары сақталмаған жобаларды Қор Банкке тиянақтауға қайтарады.

12. Қордың Директорлар кеңесінің 10-тармаққа сәйкес оң шешімін алған жобалар бойынша Қаржымині, Қор және Банк арасында Қор өз бетінше несие берген жағдайда Қаржымині мен Қор арасында несие беру жөніндегі қажетті құжаттар рәсімделеді. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1199 қаулысымен .**

### **III. Займның қаражатын мақсатты пайдалануды және өтеуді бақылау**

13. Қаржымині мен Қор АДБ Займдарының қаражаттарын дер уақытында және мақсатты пайдаланылуы жөнінде Банктерге бақылау жасауды жүзеге асырады.

### **IV. Қорытынды ережелер**

14. Егер немесе Қор 1 (бір) айдың ішінде алдын ала ақы төлеу жүргізсе, аккредитивтер ашылса, кепілдіктер немесе вексель берілсе, берермендермен есеп айырысудың басқа да нысандары келісім-шарттардың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылса, қаражат игерілді деп саналады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 14-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1199 қаулысымен .**

15. Қатысушы банктердің тізбесін Қордың Директорлар кеңесі Ұлттық Банкпен келісе отырып бекітеді. <\*>

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 1 7 н а у р ы з д а ғ ы

№ 2 2 7 Қ а у л ы с ы н а

3-қосымша

### **Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкі Бағдарламалық займының уақытша басы бос қаражаттарын орналастыру туралы ереже**

1. Ауыл шаруашылығы секторына арналған Азия Даму Банкінің (бұдан әрі - АДБ) АҚШ долларындағы Бағдарламалық займының (бұдан әрі - АДБ займы) уақытша басы бос қаражаттарын (бұдан әрі - Қаражаттар) "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" АҚ (бұдан әрі - Қор) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен (бұдан әрі - Қаржымині) келісе отырып,

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі (бұдан әрі - Ұлттық Банк) және екінші деңгейдегі уәкілетті банктердегі (бұдан әрі - Банктер) депозиттер мен мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастырады. <\*>

**ЕСКЕРТУ. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2004.11.15. N 1199**

қ а у л ы с ы м е н

2. Қаражаттарды орналастыру:  
Қаржымині, Қор және Ұлттық Банк;  
Қаржымині, Қор және Банктер арасында жасалған шарттардың негізінде жүзеге асырылады.

## 2. Орналастыру тәртібі

3. Қаражаттарды Қор Қаржыминінің келісімі бойынша: жасалатын шартқа сәйкес - Ұлттық Банктегі депозиттерге; жылдық 9 (тоғыз) проценттік мөлшердегі сыйақы (мүдде) ставкасымен мемлекеттік бағалы қағаздар кепілдігі бойынша - Банктердегі депозиттерге; жылдық 7 (жеті) проценттік мөлшердегі сыйақы (мүдде) ставкасымен 1 (бір) айлық мерзімге - Банктердегі мерзімдік депозиттерге орналастырылады. Депозиттердің бұл түріне қаражаттар Банктердің өтініштері бойынша, депозиттің қолданылуы көрсетілген мерзімі ішінде АДБ Займы бойынша жобалардың портфелін несиелендіру жолымен, олар игерілетін жағдайда орналастырылады.

Б ұ л о р а й д а , е г е р :

көрсетілген мерзім біткен кезде қаражаттар игерілмесе, онда депозиттер 1 (бір) жылдық мерзімге айлық 12 (он екі) проценттік мөлшердегі сыйақы (мүдде) ставкасымен алғашында орналастырылған деп есептеледі;

ал қаражаттар көрсетілген мерзім біткенге дейін игерілген болса, онда депозит бойынша сыйақының (мүдденің) айлық ставкасын шығару жылдық 7 (жеті) проценттік мөлшердегі есеппен іс жүзіндегі күндердің санына қарай жүргізіледі.

4. Қор Қаржыминінің келісімі бойынша уақытша басы бос қаражаттарды орналастырудан түсетін кірістерді жинақтау және кейін оларды бюджетке аудару үшін Ұлттық Банктен АҚШ долларында арнаулы шот ашады.